

Бекітемін: *Асау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«ҚАЗЫНА ЕЛІНЕ САЯХАТ»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова К*

Таушық ауылы, 29.10.2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Қоршаған орта , сөйлеуді дамыту, таным, құрастыру, денсаулық.

Тақырыбы. «Қазына еліне саяхат»

Мақсаты: Балаларға металл түрлерімен таныстыру. Тиын мен ақшаның жасалуы туралы түсінік беру. Еңбекпен келетін байлықты ұғындыру. Ойын арқылы қаржылық сауаттылық элементтерін енгізу.

Білімділік: Ойлау қабілетін дамытуға, заттардың айырмашылықтарын ажыратуға, тіл шеберлігін білімге деген құштарлығын арттыру.

Тәрбиелік: Айналадағы қоршаған заттармен (металл, тиын, ақша) танысу, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Таныстыру, түсіндіру, сұрақ-жауап, саяхат, қызықты ойын.

Көрнекіліктер: Тиындар, сандықша, магнит, әртүрлі металл өнімдер және.т.б.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

I.Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбер:

«Біз іздейміз қазынаны,
Ақыл, білім – бар амалы.
Доспен бірге іздесек,
Жеңіске жетер баламыз!»

II.Негізгі бөлім:

Сұрақ-жауап:

-Балалар, сендер «қазына» сөзін қалай түсінесіңдер?

-Ол алтын, ақша, құнды заттар.

-Жарайсыңдар! Ендеше, қазына еліне барғыларыңыз келе ме? Қазына тергенді ұнатасыңдар ма?

-Ия.

-Балалар, Қазына елі бізге хат жолдапты. Ашып оқып көрейік. Мұнда: «Қазына тек еңбекқор, ақылды, мейірімді балаларға ғана ашылады!» деп жазған екен. Балалар, біз өз білімдерімізді көрсетеміз бе?

-Ия.

-Олай болса мында қазынаға апарар жол көрсетілген екен. Сол жолдар арқылы жететін боламыз. Сондай-ақ, қазына картасындағы тапсырмаларды орындауымыз керек.

Балалар екіге бөлініп, берілген жолдармен жүріп өтеді.

-Балалар, қараңдаршы біз қайда келдік? Қараңдаршы көптеген керемет заттар көп екен, ия. Келіңдер ендеше тапсырманы орындайық.

1. Тапсырма: «Құнды затты тап»

Мында сендерге берілген тапсырма құмның, судың ішінен құнды нәрселерді іздеп табу. Оларды атау. Сол құнды заттардың ішінен тиынды ажыратып алу.

-Балалар, сендер тиынды білесіңдер ме?

-Тиын –дегеніміз не?

-Ол-Ақша. Тиынның көлемі қандай болады?

-Пішіні, түстері қандай болады?

-Дұрыс айтасыңдар! Сендер тиынды жақсы таниды екенсіңдер.

-Ендеше, қолдарыңдағы тиынды атап өтейікші. Кімде қанша тиын бар екен?-

Балалар, тиын-бұл Қазақстан еліміздің ұсақ ақша өлшемі. Біздің ұлттық валютамыз «теңге» деп аталады. Мынау тиын сол теңгенің кішкентай бір бөлігі. Мұны халқымыз осы тиынды ақша қып пайдаланады. «Теңге тиыннан құралады демекші біз ақшаны үнемдеп жұмсауымыз керек.

2. Тапсырма: «Мақал-мәтелдерді жалғастыр»

-Балалар сендер ақша, тиын туралы мақал-мәтел білесіңдер ме? Ендеше, мен сендерге мақал-мәтелдерді оқимын, сендер жалғасын тауып көріңдер.

1. Тиыннан ----теңге құралады.

2. Ақшаң болса қалтаңда, ---ақылың болса басыңда.

3. Жүз теңге болғанша, --жүз досың болсын.

4. Жылқы құлыннан өседі,--Теңге тиыннан өседі.

3. тапсырма: «Мен тиынды танимын ба?» қимылды ойыны.

Ойынның шарты: Қолдарыңыздағы берілген тиынды жердегі тиындармен сәйкестендіріп жинап алуымыз керек. Кім қанша жинайды, кім көп жинайды?

Жарайсыңдар! Балалар, ақшаны отбасымызға кім алып келеді?

-Әке, ана.

- Олар қызмет жасап, ақша табады. Тапқан ақшаны қайдан шешіп алады?

-Банкоматтан.

-Ендеше, ақшаны өзіміз алып ,үйреніп көреміз бе?

-Ия.

4.тапсырма: «Ақша алып үйренейік»

-Келіңдер кезекке тұрайық. Бұл-ақшаны қолма-қол шығарып беретін банкомат. Біз банкоматтан карточка салу арқылы ақшамызды аламыз. Ең бірінші карточкамызды тетікке саламыз, содан соң пин код тереміз..4 санды тереміз. Содан кейін, банкомат ақша береді. Ақшамызды алып болғаннан кейін карточкамызды алуды ұмытпаймыз. Бәріміз алып үйрендік пе?

-Балалар, қолдарыңыздағы не?

-Ақша.

-Ақшаның пішіні қандай болады?

-Төртбұрыш.

-Ақша неден жасалынған екен?

-Қағаздан.

-Қағаздан жасалған ақшаның бірнеше түрі болады.

-500теңге; 1000 теңге; 5000 теңге т.б.

-Ақшаны мыжыруға,жыртуға болама?

-Жоқ.

-Жерге тастап, басуға бола ма?

-Жоқ.

Оны қайда жаратамыз?

-Өз қажеттіліктерімізге. Ақша керек.

5. Тапсырма: «Ақшаны қайда жұмсаймыз?»

Балалар, ақша-бұл құнды зат. Оны біз заттарға айырбастаймыз. Ақшаны жұмсап, өзімізге қажетті заттарды сатып ала аламыз екен.

1.Ақшаны қайда жұмсаймыз?

Азық-түліктер аламыз.

2. Ақшаны қайда жұмсаймыз?

-Киім-кешектер аламыз.

3. Ақшаны қайда жұмсаймыз?

-Дәрі-дәрмектер аламыз.

4.-Ақшаны қайда жұмсаймыз?

-Ойыншықтар аламыз.

6. Тапсырма: Тәжірибе жасау.

Балалар, тиындарды үнемі қолдан-қолға айырбастап жүретіндіктен олар лас боп кірлейді екен. Сондықтан, үнемі қолымызды жуып жүруіміз керек. Ал, енді тиындарды тат басқан жерін қазір біз лимон ұйышылы мен, газдалған сусынмен тазартып тәжірибе жасап көреміз.

-Сендерге зерттеу жұмыстары ұнап жатыр ма? Тиындарыңыз ағарды ма?

7. Тапсырма: Шығармашылық жұмыс. «Ақша және тиын»

Тиынның суретін бастырып бояу және ақша салатын әмиян суретін қиып жапсыру.

Сергіту сәті: «Теңге алу» ойыны.

-Балалар, ақша туралы көп мағлұмат алдық. Қазына елі сендерге ерекше тосын сый қалдырған екен. Ашып көреміз бе?

Сандықшаның ішінен «ақша қобдишасы» шығады. Балалар бұл не деп ойлайсындар? Бұл-ақша жинайтын ақша қобдишасы. Біз бұл қобдишаға өзіміздің тиындарымызды, ақшамызды салып жинап тобымызға қажетті ойыншықтар алатын боламыз.

Рахмет. Сау болыңыздар!

